

## Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 шілдедегі N 6-2/2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 10 тамызда N 2636 тіркелді. Күші жойылды - Зайсан аудандық мәслихатының 2013 жылғы 15 қарашадағы N 19-2/2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Зайсан аудандық мәслихатының 15.11.2013 N 19-2/2 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 5, 6, 7, 8, 9 баптарына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 2 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына, «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының 1 тармағының 14) тармақшасына сәйкес Зайсан аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Әлеуметтік көмек көрсетуге құқығы бар жеке тұлғалардың мынадай санаттары айқындалсын:

- 1) Ұлы Отан соғысына қатысушылар;
- 2) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар;
- 3) Ұлы Отан соғысының мүгедектері;
- 4) жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар;
- 5) жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары;
- 6) жасына байланысты зейнетақы алатындар, ең төменгі зейнетақы мөлшерін алатын зейнеткерлер, жалғыз басты зейнеткерлер;
- 7) мүгедектер, соның ішінде 18 жасқа дейінгі мүгедек бала тәрбиелеп отырғандар;

8) саяси қуғын-сүргін құрбандары;  
9) «Алтын алқа» «Күміс алқа» алқаларымен, I, II дәрежелі «Ана Даңқы» орденімен марапатталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған көп балалы а н а л а р ;

10) бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары бар, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар көп балалы отбасылар, балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін олар оқу орнын бітіретін уақытқа дейін (бірақ әрі дегенде жиырма үш жасқа толғанға д е й і н ) ;

11) балалар, оның ішінде жетім балалар, ата-аналардың қарауынсыз қалған балалар, балалар үйінің түлектері, сондай-ақ аз қамтылған отбасынан шыққан с т у д е н т т е р ;

12) жан басына шаққанда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылар ( а з а м а т т а р ) ;

13) онкологиялық аурулар және туберкулездің әртүрлі түрлерімен ауыратын а з а м а т т а р ;

14) өмірдің қиын жағдайына (өрт, дүлей апат) ұшыраған азаматтар.

2. Әлеуметтік көмек алу үшін қажетті құжаттар тізбесі айқындалсын:

1) әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат;

3) тұрғылықты жерін растайтын құжат;

4) алынып тасталды - Зайсан аудандық мәслихатының 14.06.2013 N 14-1 ш е ш і м і м е н ;

5) отбасының табысы туралы мәліметтер;

6) өмірде қиын (төтенше) жағдай болған кезді растайтын тиісті уәкілетті о р г а н б е р г е н а к т ;

7) оқуға нақты қаржылық шығындарды растайтын құзырлы органдар берген қ ұ ж а т т а р .

Құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, салыстырғаннан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш иесіне қайтарылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Зайсан аудандық мәслихатының 14.06.2013 № 14-1 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

М. Бошақов

*хатшысы*

*А у д а н д ы қ*                      *м ә с л и х а т*  
*Д. Ыдырышев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК